

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 2025 жылғы 24 ақпан
	PhD дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмысқа аннотацияны рәсімдеу және ұсыну жөніндегі ұсынымдар	ОҒӘК №4 хаттамасы

«Бекітілді»
ОҒӘК шешімі
24.02.2025 жылғы №4
хаттамасы



Байкенов Ж.Е.

PhD дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмысқа аннотацияны рәсімдеу және ұсыну жөніндегі ұсынымдар

Өскемен, 2025

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 2025 жылғы 24 ақпан
	PhD дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмысқа аннотацияны рәсімдеу және ұсыну жөніндегі ұсынымдар	ОҒӨК №4 хаттамасы

Аннотация – диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы болып табылады және оқырманға толық мәтінді зерделемей-ақ зерттеудің мәні туралы жалпы түсінік беру үшін арналған.

Аннотациялар диссертациялық кеңеске қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Аннотацияда мыналар сипатталады: диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар мен жаңа ғылыми білім болып табылатын өзге де қорытындылар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, әрбір жарияланымды дайындауда докторанттың қосқан үлесін сипаттау, диссертацияның құрылымы мен көлемі.

Тақырыптың сипаттамасы:

Зерттеу қандай мәселеге арналғанын қысқаша тұжырымдаңыз.

Зерттеудің проблематикасын және оның қай ғылым саласына жататынын көрсетіңіз.

Тақырыптың қазіргі заманғы контексттегі (әлеуметтік, құқықтық, ғылыми) өзектілігін негіздеңіз.

Зерттеудің мақсаты:

Автор қол жеткізуді көздеген түпкі нәтижені нақты әрі айқын бейнелейтін бір тұжырым.

Зерттеу міндеттері:

Мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік берген 5–7 негізгі міндеттің тізбесі.

Зерттеу әдістері:

Жалпы ғылыми әдістер (талдау, жинақтау, индукция, дедукция).

Арнайы әдістер (мысалы, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, статистикалық).

Эмпирикалық база (сауалнамалар, кейстер, сот тәжірибесін талдау).

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

Дәлелденген ғылыми гипотезаларды, авторлық қорытындыларды, модельдерді, тұжырымдарды, жаңа тұжырымдамаларды тізбектеңіз. Заңнаманы, практиканы немесе теорияны жетілдіруге бағытталған түпнұсқалық ұсыныстарды атап көрсетіңіз.

Негізгі нәтижелердің сипаттамасы:

Қол жеткізілген негізгі нәтижелерді атап өтіңіз.

Олардың ғылым мен практика үшін маңыздылығын көрсетіңіз.

Ғылыми жаңалықты негіздеу:

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні 2025 жылғы 24 ақпан
	PhD дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмысқа аннотацияны рәсімдеу және ұсыну жөніндегі ұсынымдар	ОҒӘК №4 хаттамасы

Алғаш рет орындалған нәтижелерді (жаңа тәсілдер, анықтамалар, тұжырымдамалар) көрсетіңіз.

Жұмыстың алдыңғы зерттеулерден айырмашылығын айқындаңыз.

Алынған нәтижелердің маңыздылығы:

Зерттеудің ғылымды дамытудың басым бағыттарына, мемлекеттің даму стратегиясына, мемлекеттік бағдарламаларға (мысалы, ҚР үшін – «Ғылым.2023», «Цифрлық Қазақстан») сәйкестігін көрсетіңіз.

Апробация және жарияланымдар:

Апробация өткен орындарды (конференциялар, дөңгелек үстелдер) көрсетіңіз.

Негізгі жарияланымдарды тізбектеңіз.

PhD дәрежесі үшін әрбір жарияланымда докторанттың қосқан үлесін міндетті түрде көрсету қажет (мысалы: «Зерттеу идеясы мен деректерді талдау – автор», «Мәтінді дайындау – автор және тең автор бірлесіп»).

Диссертацияның құрылымы мен көлемі:

Жұмыстың құрылымын қысқаша сипаттаңыз (кіріспе, тараулар мен бөлімшелер саны, қорытынды, қосымшалар).

Тараулардың орналасу логикасын және олардың мазмұнын көрсетіңіз.

Аннотацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Қаріп: Times New Roman.

Қаріп өлшемі: 14 pt.

Жоларалық интервал: 1.

Жиектер: жоғары және төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см.

Туралау: ені бойынша.

Абзацтық шегініс: 1,25 см.

Аннотация көлемі: 8–10 бет.

Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударту мақсатында әртүрлі гарнитуралардағы қаріптерді қолдану арқылы компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға рұқсат етіледі.